

Объектінің өрт қауіпсіздігі талаптарына сәйкестігі туралы қорытынды беру қағидаларын бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрінің 2025 жылғы 26 тамыздағы № 359 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2025 жылғы 27 тамызда № 36695 болып тіркелді

ЗКАИ-ның ескертпесі!

Осы бұйрық 01.02.2026 ж. бастап қолданысқа енгізіледі

"Азаматтық қорғау туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 12-бабы 1-тармағының 90) тармақшасына және "Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы" Қазақстан Республикасының Заңы 10-бабының 1) тармақшасына сәйкес БҰЙЫРАМЫН :

1. Қоса беріліп отырған Объектінің өрт қауіпсіздігі талаптарына сәйкестігі туралы қорытынды беру қағидалары бекітілсін.
2. Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрлігінің Өртке қарсы қызмет комитеті заңнамада белгіленген тәртіпте:
 - 1) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді;
 - 2) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрлігінің интернет-ресурсына орналастыруды қамтамасыз етсін.
3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасының Төтенше жағдайлар вице-министріне жүктелсін.
4. Осы бұйрық 2026 жылғы 1 ақпаннан бастап қолданысқа енгізіледі және ресми жариялануға тиіс.

Қазақстан Республикасының
Төтенше жағдайлар министрі

Ч. Аринов

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасы

Өнеркәсіп және құрылым министрлігі

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасы

Ұлттық экономика министрлігі

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасы

Цифрлық даму, инновациялар және

аэрофарыш өнеркәсібі министрлігі

Объектінің өрт қауіпсіздігі талаптарына сәйкестігі туралы қорытынды беру қағидалары

1 тарау. Жалпы ережелер

1. Осы "Объектінің өрт қауіпсіздігі талаптарына сәйкестігі туралы қорытынды беру" мемлекеттік қызмет көрсету қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) "Азаматтық қорғау туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 12-бабы 1-тармағының 90) тармақшасына және "Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы" Қазақстан Республикасының Заңы 10-бабының 1) тармақшасына сәйкес әзірленді және объектінің өрт қауіпсіздігі талаптарына сәйкестігі туралы қорытынды беру тәртібін айқындайды.

2. Объектінің өрт қауіпсіздігі талаптарына сәйкестігі туралы қорытынды беруді Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрлігінің облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың Төтенше жағдайлар департаменттері (бұдан әрі – көрсетілетін қызметті беруші) жүзеге асырады.

2 тарау. Мемлекеттік қызмет көрсету тәртібі

3. Объектінің өрт қауіпсіздігі талаптарына сәйкестігі туралы қорытындыны (бұдан әрі – Қорытынды) алу үшін тапсырыс беруші (бұдан әрі – көрсетілетін қызметті алушы) көрсетілетін қызметті берушіге "Е-лицензиялау "Мемлекеттік деректер базасы" акпараттық жүйесіндегі "электрондық ұқімет" веб-порталы (бұдан әрі – Портал) арқылы осы Қағидаларға 1-қосымшаға сәйкес электрондық құжат нысанында объектінің өрт қауіпсіздігі талаптарына сәйкестігі туралы қорытындыны алуға өтініш береді.

Процестің сипаттамаларын, көрсетілетін қызметтің нысанын, мазмұны мен нәтижесін қамтитын мемлекеттік қызметті көрсетуге қойылатын негізгі талаптардың тізбесі, сондай-ақ мемлекеттік қызметті көрсету ерекшеліктерін ескере отырып, өзге де мәліметтер осы Қағидаларға 2-қосымшада жазылған.

Көрсетілетін қызметті алушының "жеке кабинетіне" мемлекеттік қызметті көрсетуге арналған өтінішті қарau мәртебесі туралы ақпарат, сондай-ақ мемлекеттік көрсетілетін қызмет нәтижесін алу қуні мен уақыты көрсетілген хабарлама жолданады.

Мемлекеттік қызметті көрсетуге өтініш берілгеннен кейін көрсетілетін қызметті берушінің кеңсе жұмыскері өтінішті Порталда тіркеуді жүзеге асырады, көрсетілетін қызметті алушы құжаттардың қабылданғаны туралы хабарлама алады, көрсетілетін қызметті берушінің басшысы өтініштің орындаушысын айқындайды. Көрсетілетін қызметті алушы жұмыс уақыты аяқталғаннан кейін, еңбек заңнамасына сәйкес демалыс және мереке күндері жүгінген кезде өтініштерді қабылдау және мемлекеттік қызмет көрсету нәтижелерін беру келесі жұмыс күні жүзеге асырылады.

4. Көрсетілетін қызметті берушінің орындаушысы құжаттарды алған сәтten бастап екі жұмыс күні ішінде ұсынылған құжаттардың толықтығын тексереді.

Көрсетілетін қызметті алушы құжаттарды толық ұсынбаған және (немесе) қолданылу мерзімі өткен құжаттар топтамасын ұсынған кезде көрсетілетін қызметті берушінің орындаушысы көрсетілген мерзімдерде көрсетілетін қызметті берушінің басшысының электрондық цифрлық қолтаңбасымен (бұдан әрі – ЭЦҚ) қол қойылған электрондық құжат нысанында өтінішті одан әрі қараудан дәлелді бас тартуды дайындауды және көрсетілетін қызметті алушының жеке кабинетіне жолдайды.

Көрсетілетін қызметті алушы Қорытындыны алу үшін құжаттардың толық пакетін ұсынған жағдайда, көрсетілетін қызметті берушінің орындаушысы салынған объектіге өрт-техникалық тексеруді жүзеге асырады.

Қорытынды беру туралы оң шешім болған жағдайда, көрсетілетін қызметті беруші Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрінің міндетін атқарушының 2025 жылғы 6 тамыздағы № 309 бұйрығымен бекітілген (Нормативтік құқықтық актілердің мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 36593 болып тіркелген) Қорытындының электрондық нысанын қалыптастырады.

Мемлекеттік қызметті көрсетуден бас тарту туралы шешім шығарған кезде көрсетілетін қызметті беруші бір жұмыс күні ішінде көрсетілетін қызметті алушыға алдын ала шешім бойынша ұстанымын білдіру мүмкіндігін беру үшін мемлекеттік қызметті көрсетуден бас тарту туралы алдын ала шешім, сондай-ақ тындауды өткізу уақыты мен орны (тәсілі) туралы хабардар етеді.

Тындау туралы хабарлама мемлекеттік қызмет көрсету мерзімі аяқталғанға дейін кемінде үш жұмыс күні бұрын жіберіледі. Тындау хабардар етілген күннен бастап екі жұмыс күнінен кешіктірілмей жүргізіледі.

Тындау нәтижелері бойынша көрсетілетін қызметті беруші рұқсатын немесе мемлекеттік қызметті көрсетуден дәлелді бас тартуды береді.

Көрсетілетін қызметті берушінің басшысы бір жұмыс күні ішінде электрондық нәтижеге қол қояды және оны Портал арқылы беруді жүзеге асырады.

Көрсетілетін қызметті беруші "Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 5-бабы 2-тармағының 11) тармақшасына сәйкес ақпараттандыру саласындағы үәкілдегі орган белгілеген тәртіппен мемлекеттік қызмет көрсету сатысы туралы мемлекеттік қызметтер көрсету мониторингінің ақпараттық жүйесіне деректерді енгізуі қамтамасыз етеді.

Мемлекеттік қызмет көрсету нәтижесінің көшірмесі электрондық құжатайналымы жүйесі арқылы берілген күні аумақтылығы бойынша мемлекеттік сәулет-құрылымы бақылау және қадағалау органдарына жолданады.

Ақпараттық жүйелер істен шыққан жағдайда, электрондық байланыс болмаған немесе хабарламалар жіберуге кедергі келтіретін өзге де мән-жайлар туындаған жағдайда, көрсетілетін қызметті берушінің үәкілдегі бөлімшесі техникалық іркілістер

пайда болған кезден бастап көрсетілген себептерді анықтау және жою үшін деру шаралар қабылдайды (жұмыс күндері сағат 9:00-ден 18:30-ға дейін).

5. Көрсетілетін қызметті беруші көрсетілген мерзімде өтініш берушілерді уәкілетті органның бұйрығымен бекітілген нысан бойынша тиісті Қорытындыны бір мезгілде бере отырып, Қорытынды берудегі өз шешімі туралы хабардар етеді.

6. Қорытынды алуға арналған құжаттар, сондай-ақ оның нәтижелері қағаз форматында іске қалыптастырылады.

7. Азаматтық қорғау саласындағы уәкілетті орган 3 (ұш) жұмыс күні ішінде "электрондық үкіметтің" ақпараттық-коммуникациялық инфрақұрылымының операторына, сондай-ақ Бірыңғай байланыс орталығына осы Қағидаларға енгізілген өзгерістер мен толықтырулар туралы хабарлайды.

3-тaraу. Мемлекеттік қызметтер көрсету мәселелері бойынша көрсетілетін қызметті берушінің және (немесе) оның лауазымды адамдарының шешімдеріне, әрекеттеріне (әрекетсіздігіне) шағымдану тәртібі

8. Көрсетілетін қызметті алушы мемлекеттік қызметтер көрсету мәселелері бойынша шағымды көрсетілетін қызметті берушіге, шешіміне, әрекетіне (әрекетсіздігіне) шағым жасалып отырған лауазымды адамға береді.

Көрсетілетін қызметті берушінің атына келіп түскен көрсетілетін қызметті алушының шағымы "Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы" Қазақстан Республикасының Заңы 25-бабының 2-тармағына сәйкес тіркелген күнінен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде қаралуға тиіс.

Мемлекеттік қызметтер көрсету сапасын бағалау және бақылау жөніндегі уәкілетті органның атына келіп түскен көрсетілетін қызметті алушының шағымы тіркелген күнінен бастап 15 (он бес) жұмыс күні ішінде қаралуға тиіс.

Көрсетілетін қызметті берушінің шағымды қарау мерзімі шағым бойынша қосымша зерделеу, тексеру не қосымша ақпарат алу қажет болған жағдайларда он жұмыс күнінен аспайтын мерзімге ұзартылады.

Шағымды қарау мерзімі ұзартылған жағдайда шағымдарды қарау бойынша өкілеттіктер берілген лауазымды адам шағымды қарау мерзімі ұзартылған кезден бастап ұш жұмыс күні ішінде шағым берген көрсетілетін қызметті алушыға ұзарту себептерін көрсете отырып, шағымды қарау мерзімінің ұзартылғаны туралы жазбаша нысанды (шағым қағаз жеткізгіште берілген кезде) немесе электрондық нысанды (шағым электрондық түрде берілген кезде) хабарлайды.

Егер Қазақстан Республикасының заңдарында өзгеше көзделмесе, сотқа шағымдануға Қазақстан Республикасы Әкімшілік рәсімдік-процестік кодексінің 91-бабының 5-тармағына сәйкес әкімшілік (сотқа дейінгі) тәртіппен шағымданғаннан кейін жол беріледі.

талаптарына сәйкестігі туралы
қорытынды беру қагидаларына
1-қосымша
Нысан
Қазақстан Республикасы
Төтенше жағдайлар
министрлігінің

Төтенше жағдайлар
департаментінің бастығына

Объектінің өрт қауіпсіздігі талаптарына сәйкестігі туралы қорытынды беруге өтініш

Сізден қоса берілген құжаттар тізбесін қарауыңызды және

(көрсетілетін қызметті алушының атауы)

объектінің өрт қауіпсіздігі талаптарына сәйкестігі туралы қорытынды беруінізді сұраймын.

Объектінің орналасқан жері: _____

Тапсырыс берушінің мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу) туралы куәліктің № және күні

Жеке сәйкестендіру нөмірі / бизнес сәйкестендіру нөмірі _____

Ақпараттық жүйелердегі заңмен қорғалатын құпияны құрайтын мәліметтерді пайдалануға келісемін.

Басшы _____

(тегі, аты, әкесінің аты (бар болған жағдайда))

(күні)

Объектінің өрт қауіпсіздігі
талаптарына сәйкестігі туралы
қорытынды беру
қагидаларына 2-қосымша

Мемлекеттік қызмет қөрсетуге қойылатын негізгі талаптардың тізбесі		
1	Мемлекеттік көрсетілетін қызметтің атауы	Объектінің өрт қауіпсіздігі талаптарына сәйкестігі туралы қорытынды беру
2	Қызмет берушінің атауы	Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрлігінің облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың Төтенше жағдайлар департаменттері.

3	Мемлекеттік қызмет көрсетеу тәсілдері (каналдары)	Өтінішті қабылдау және мемлекеттік қызметті көрсетеу нәтижесін беру Портал арқылы жүзеге асырылады.
4	Мемлекеттік қызмет көрсетеу мерзімі	15 жұмыс күні.
5	Мемлекеттік қызмет көрсетеу нысаны	Электрондық (ішінара автоматтандырылған).
6	Мемлекеттік қызмет көрсетеу нәтижесі	<p>Мемлекеттік қызметті көрсетеу нәтижесі – объектінің өрт қауіпсіздігі талаптарына сәйкестігі туралы корытынды беру немесе мемлекеттік қызметті көрсетуден бас тарту туралы дәлелді жауап беру;</p> <p>Мемлекеттік қызмет көрсетеу нәтижесін ұсыну нысаны: электрондық.</p>
7	Мемлекеттік қызметті көрсетеу кезінде көрсетілетін қызметті алушыдан алынатын төлем мөлшері және мемлекеттік қызметті көрсетеу үшін Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген жағдайларда оны алу тәсілдері	Мемлекеттік қызмет тегін көрсетіледі.
8	Жұмыс графигі	<p>1) қызымет беруші 2015 жылғы 23 қарашадағы Қазақстан Республикасының Еңбек кодексін е (бұдан әрі – Кодекс) сәйкес мереке және демалыс күндерін қоспағанда, дүйсенбіден жұмаға дейін сағат 09.00-ден сағат 18.30-ға дейін, сағат 13.00-ден сағат 14.30-ға түскі үзліспен.</p> <p>2) Порталда – жөндеу жұмыстарын жүргізуге байланысты техникалық үзілістерді қоспағанда, тәулік бойы (көрсетілетін қызметті алушы жұмыс уақыты аяқталғаннан кейін, Кодекске сәйкес демалыс және мереке күндері жүгінген кезде өтініштерді қабылдау және мемлекеттік қызмет көрсетеу нәтижелерін беру келесі жұмыс күні жүзеге асырылады).</p> <p>Мемлекеттік қызмет көрсетеу орнының мекенжайлары:</p> <p>1) көрсетілетін қызметті б е р у ш і н і н</p>

		<p>интернет-ресурстарында: www.emer.gov.kz;</p> <p>2) "электрондық үкімет" веб-порталында: www.egov.kz, www.elicense.kz орналасқан.</p>
9		<p>Мемлекеттік қызмет көрсету үшін көрсетілетін қызметті алушыдан талап етілетін құжаттар мен мәліметтердің тізбесі</p> <p>1) осы Қағидаларға 1-қосымшаға сәйкес көрсетілетін қызметті алушының электрондық цифрлық қолтаңбасымен қол қойылған электрондық өтініш;</p> <p>2) белгіленген тәртіппен бекітілген жобалау (жобалау-сметалық) құжаттамасының көшірмесі;</p> <p>3) оң сараптамалық қорытындының көшірмесі;</p> <p>4) отқа төзімділік шегінің көрсеткіштерін, құрылыш конструкцияларының (оның ішінде ойықтарды толтыру конструкцияларының) өрт қауіптілігі сынныбын, сондай-ақ құрылыш материалдарының (оның ішінде әрлеу материалдарының) өрт қауіптілігі көрсеткіштерін қоса алғанда, өнімнің сәйкестігін растайтын құжаттардың көшірмелері.</p>
10		<p>Мемлекеттік қызмет көрсетуден бас тарту үшін Қазакстан Республикасының заңдарында белгіленген негіздері</p> <p>1) объектіде орындалған құрылыш-монтаждау жұмыстарының белгіленген тәртіппен бекітілген жобалау (жобалау-сметалық) құжаттамасының талаптарына сәйкес келмеуі;</p> <p>2) көрсетілетін қызметті алушы мемлекеттік қызметті алу үшін ұсынған құжаттардың және (немесе) олардағы деректердің (мәліметтердің) дәйексіздігін анықтау.</p>
11		<p>Мемлекеттік қызметті, оның ішінде электрондық нысанда және Мемлекеттік корпорация арқылы көрсету ерекшеліктері ескеріле</p> <p>Көрсетілетін қызметті алушының ЭЦК-сы болған жағдайда, мемлекеттік көрсетілетін қызметті электрондық нысанда Портал арқылы алу мүмкіндігі бар.</p> <p>Көрсетілетін қызметті алушының мемлекеттік қызметті көрсету тәртібі мен мәртебесі туралы ақпаратты қашықтықтан қол жеткізу режимінде порталдағы "жеке кабинеті", көрсетілетін қызметті берушінің кенсесі,</p>

отырып қойылатын өзге де талаптар	сондай-ақ мемлекеттік қызмет көрсету мәселелері бойынша бірыңғай байланыс орталығы арқылы алу мүмкіндігі бар. Көрсетілетін қызметті беруші кенсесінің байланыс телефондары 8 (7172) 60-21-33, бірыңғай байланыс орталығы 1414, 8 800 080 7777.
-----------------------------------	--

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК